

Kazakh transcript:

Қарт адамдарды қазақтар көп силайды. Біз оларды шалдар мен кемпірлер деп айтамыз, не болмаса, үлкен адамдар деп айтамыз, не болмаса, қарт адамдар деп айтамыз. Кіші болсын, жас болсын силап, айтқан сөздерін тындап, сүйтіп оларды силайды. Егер қалада сіздер автобустың ішінде келе жатсаңыз үлкен адам кірген кезде оған ұшып тұрып орын береді. Және үлкен адамдар болып шалдар мен кемпірлер ғана саналмайды. Өзінен жасы үлкен адам болса, ұл бала болсын, қыз бала болсын, тұрып орынын береді. Ал егер жас ұлдар отырса, ал автобустың ішіне әйел адам кірсе ол міндетті түрде ұлдар тұрып орындарын жаңағы әйел адамға береді. Сонымен үлкен адамдарды, апаларды апа, не болмаса, әже деп айтады. Ал үлкен ер адамдарды ата деп айтады. Көбінесе апамен аталар өздерінің балаларымен бірге тұрады. Үлкен адамдарды дастарханға отырған кезде төр жаққа отырғызады және үлкен адамдардың сөздерін бөлмейді, тындайды. Бұл жақсы салт, бұл жақсы дәстүр. Ауыл жерде үлкен адамдардың алдынан жолдарын кесіп өтуге болмайды. Үлкен адамдар келе жатса оларды өткізіп, содан кейін ғана өтеді, не болмаса, басқа жолға кетіп басқа жермен жолын үзбеу үшін, жолын бөлмеу үшін өтіп кетеді. Үлкен тойларда бірінші ақсақалдарға сөз беріледі. Қазақстанда үлкен адамдарды кәрілер үйге апарып, сонда қалтыру деген көп кездеспейді. Басқа ұлттардан қарағанда қазақтарда ондай аз кездеседі. «Неге?», десеніз, үлкен адамдарды силайды. Үлкен адамдарды ренжіту өте жаман іс деп саналады.

English translation:

Kazakhs respect old people very much. We call them old men and old women, or elders, or senior citizens. From small to big, everyone listens to their words, and thus show respect. If in the city you are riding a bus and an elder walks in, then you stand up fast and give them your seat. And the elders are not only the old men and women. If that person is older than you, then boys or girls stand up and give them the seats. If young men are sitting down and a woman walked into the bus, then the young men always give up their seats to a woman. Thus... older people, grandmothers, are called *apa*¹ and *azhe*,² and older men are called grandfathers. In most cases, grandmothers and grandfathers live with their children. The elders always sit at the head of the table, and the elder's talk is not to be interrupted. It is listened to. It's a good tradition. It's a good custom. In the village areas you can't (even) cut in front of an elder. When an elder is walking, one always lets him pass and only then crosses the road or changes their place, so as not to cut in front of him or divide his path. At the large celebrations, *aksakals*³ are given the honor of the first word. In Kazakhstan, the instances of older people in the retirement homes are rare. Contrary to other nations, it's very uncommon (for Kazakhs). Because, the elders are revered. To insult an elder is considered to be a very bad deed.

¹ *Apa* – means old women or grandmother.

² *Azhe* – means grandmother.

³ *Aksakal* – an old, wise and experienced man. Literal translation is “white beard.”

About CultureTalk: CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated